

# ӨТКІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ЖӨНІНДЕ ЕСЕП

тақырыбы: «Жүгері егістіктерінде біріктірілген қорғау жүйесі»

бағыты: Дәнді, майлы және жемшөп дақылдар

Өткізу күні: 14 – 20 шілде 2025 жыл

Кеңес өткізу орны: Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Осакаров кенті

«Шоқпартас» ШҚ жетекшісі



Толғауаев Н.Т.

Эксперт:

  
(қолы)

Койгельдина А.Е., PhD

«Ж. Жиёмбаев атындағы  
ҚазӨҚЖК ҒЗИ» ЖШС  
Басқарма төрағасы





Дуйсембеков Б.А.

## Есеп құрылымы

### 1) кеңес беруді қажет ететін мәселелер;

2025 жыл шілде айының 14 мен 20 аралығында жүгері егістіктерінде біріктірілген қорғау жүйесі бойынша кеңес берілді. Егістік алаңдарында зиянкестердің, аурулардың және арамшөптердің таралу қаупі анықталды. Жүгері-жоғары өнімділікті қажет ететін стратегиялық дақыл, сондықтан оның өсіп-жетілуіне кері әсер ететін факторларды бақылау аса маңызды.

Шаруашылықта анықталған негізгі мәселелер: зиянды ағзаларға мониторинг жүйесінің жеткіліксіздігі; ЭЗШ (экономикалық зияндылық шегі) көрсеткішін дұрыс бағаламау; ауыспалы егістің дұрыс сақталмауы, топырақты жеткіліксіз өңдеу; пестицидтер мен агротехникалық әдістерді толық қолданбау; химиялық препараттарды нормадан тыс немесе дұрыс кезеңде қолданбау.

Бұл факторлар егістіктің әлеуетті өнімділігін төмендету қаупін тудырғандықтан, біріктірілген қорғау жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар берілді.

2) қойылған мәселені немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары;

Сараптамалық кеңес барысында жүгері егістіктерінде біріктірілген қорғау жүйесінің (БҚЖ/ІРМ) толыққанды жұмыс істеуі үшін агротехникалық, биологиялық және химиялық шаралардың нақты жиынтығы ұсынылды. Жүгері күйесінің, жапырақ жегілердің жас личинкаларына қарсы зиянкестердің жұмыртқадан жаңа шыққан 1 - 2 жастағы личинка кезеңі және егістікті тексеру нәтижесінде алғашқы зақым белгілері байқалғанда 30 - 50 мл 10 л суға 7 - 10 күн аралығында Лепидоцид (*Bacillus thuringiensis* var. *kurstaki*), Битоксибациллин (*Bacillus thuringiensis*) 1–3 жастағы дернәсілдерінің байқалған кезеңінде 40–100 г 10 л суға қолдану ұсынылды. Агротехникалық шараларды сақтау ауыспалы егісте жүгеріні бір орында 3 жылдан артық қалдырмау, терең сүдігер жырту – 25 - 28 см, ауруға төзімді және аймаққа бейімделген гибридтерді қолдану ұсынылды. Хлорантранилипрол немесе Лямбда-цигалотрин топтарынан инсектицидті жаппай ұшу немесе жаппай личинка кезеңінде өндірушінің регламентіне сәйкес, ал фунгицид Редиго Про, к.с. (150 г/л + 20 г/л), Скарлет, м.э. (60 г/л + 100 г/л), Протект Форте, в.с.к. (40 г/л + 30 г/л) - жүгерінің фузариозы, гельминтоспориозына қарсы вегетация кезеңінің басы (6–8 жапырақ фазасы), екінші рет – масақтану алдындағы кезең 0,5 - 1,0 л/га нормасында қолдану ұсынылды.

3) өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділікті арттырудың/өзіндік құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.;

Берілген ұсынымдар шаруашылық тарапынан толық орындалды: мониторинг жүйесі енгізілді, биопрепараттармен химиялық препараттар дер кезінде қолданылды, агротехникалық шаралар толық орындалып өнімділік 18–23% аралығында артты. Биологиялық және химиялық қорғаудың дұрыс

үйлесуі жүгері масақтарының толық қалыптасуына мүмкіндік берді. Аурулардан зақымдану көрсеткіші 30% азайды. Зиянкестердің таралуы 40–55% деңгейінде тежелді. Осының нәтижесінде, шаруашылық жоғары өнімділікке қол жеткізді, жүгерінің жалпы массасы мен сапасы артты.

